

Нұржанова, Жаңылсын. Қазақ халқының рухани көсемі [Мәтін] : Ұлт ұстазының ескерткішіне гүл шоқтары қойылды / Жаңылсын Нұржанова // Әуликөл. – 2022. – 22 қыркүйек. – Б. 2.

**Қазақ халқының
рухани көсемі**

**Ұлт ұстазының ескерткішіне гүл
шоқтары қойылды**



150 **Ахмет
Байтұрсынұлы**

«Бір өл – бір кітап» акциясы аясында, Қазақстан халқы тілдерінің күніне және қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымдарының негізін салушы ғалым, ақын, публицист, педагог әрі қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойына Әуликөл балалар кітапханасы «Қазақ халқының рухани көсемі» атты промо-акциясын өткізіп, кітап көрмесін ұйымдастырды. Іс-шара барысында кітапханашы А. Байтұрсынұлының өмірбаяны мен шығармашылығы туралы мәлімет беріп, буклеттер үлестірді.

Әуликөл бастауыш мектебінің 4 сынып оқушылары Ахмет Байтұрсынұлының ескерткішіне гүл шоқтары қойып, ақынның өлеңдері мен мысалдарын мәнерлеп оқыды.

**Жаңылсын НҰРЖАНОВА,
Әуликөл балалар
кітапханасының
меңгерушісі**